

# ЖЕМ - САҒЫЗ

№6 (7866) 12 ақпан, Бейсенбі 2026 жыл

<https://zhemsagyz.kz/>[zhemsagyzgazeti@mail.ru](mailto:zhemsagyzgazeti@mail.ru)

НЫСАН

## АУДАНДА ЗАМАНАУИ ӨРТ СӨНДІРУ ДЕПОСЫ АШЫЛДЫ

Қарауылкелді ауылында соңғы 58 жылда алғаш рет жаңа өрт сөндіру бөлімі пайдалануға берілді. Бұл – аудан халқы үшін ғана емес, өңірдің төтенше жағдайлардың алдын алу жүйесі үшін де маңызды әрі тарихи оқиға.

Салтанатты ашылу рәсіміне Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің генерал-лейтенанты Шыңғыс Әрінов, Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Ғалымжан Елеуов және сала ардагерлері, аудан басшылығы мен ауыл тұрғындары қатысты.

Шара барысында қауіпсіздік саласының маңыздылығы мен жаңа нысанның өңір үшін стратегиялық рөлі ерекше атап өтілді.

Осы уақытқа дейін байғаниндік өрт сөндірушілер 1968 жылы салынған, қызмет талаптарына сай келмейтін әрі апатты деп танылған ғимаратта жұмыс істеп келген. Жаңа депонның іске қосылуы бұл мәселені түбегейлі шешіп, құтқарушылардың еңбек жағдайын айтарлықтай жақсартты.

Өткен жылдың 28 сәуірінде басталған бұл жоба қысқа мерзім ішінде жүзеге асырылып, биылғы жылдың 5 ақпанында өңірдегі қауіпсіздік инфрақұрылымын нығайтатын заманауи өрт сөндіру депосының құрылысы толық аяқталды. Аумағы кең, елді мекендері бір - бірінен шалғай орналасқан Байғанин ауданы үшін заманауи өрт сөндіру бөлімінің ашылуы – уақыт талабы. Төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет ету мүмкіндігі тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Жалпы құны 870 062,0 мың теңгені құрайтын нысанның құрылыс - монтаждау жұмыстарына 847 331,1 мың теңге жұмсалған. Құрылысты «Orda service group» ЖШС-і жүргізсе, техникалық қадағалауды «ОРАЗБАЙ-2005» ЖШС-і, ал авторлық қадағалауды «Ремстрой-проект» ЖШС-і жүзеге асырды.

Жаңа нысан 0,7715 гектар аумақты алып жатыр. Құрылыс ауданы – 946,40 шаршы метр. Аумақ толық абаттандырылып, 4460,30 шаршы метрге асфальт жабындысы төселген, 2351,03 шаршы метр жер көгалдандырылған.

Ғимарат екі қабаттан тұрады. Бірінші қабатта кезекші қарауыл



үй - жайы, оқу сыныбы, ауысым бастығының кабинеті, жылыту және тамақтану бөлмелері орналасқан. Сонымен қатар өрт сөндіру автокөліктеріне арналған гараж (бокс 1), жуу бекеті (бокс 2), тексеру арығы бар техникалық қызмет көрсету аймағы қарастырылған. Өрттен немесе жаттығудан оралған техниканы жуу және кептіруге арналған арнайы бөлме де бар. Инженерлік - техникалық үй - жайлар – электр қалқаны, желдеткіш камерасы және жылу пункті де бірінші қабатта орналасқан.

Екінші қабатта қызметкерлердің киім мүлкін сақтауға арналған қойма арнайы сөрелермен, шкафтармен және ілгіштермен жабдықталған. Сондай - ақ жеке құрамның демалуына, қалпына келуіне және психологиялық жүктемені азайтуға арналған арнайы бөлме қарастырылған. Жобада өрт сөндірушілерді биіктіктен қорқу тосқауылын еңсеруге үйрететін кіріктірілген жаттығу мұнарасы да салынған.

Жаңа депо кешені барлық қажетті инфрақұрылыммен жабдықталған. Мұнда техникаға арналған кең гараж бокстары, диспетчерлік бөлме, асхана, оқу сыныптары, арнайы жабдықтар қоймасы, демалыс бөлмелері, сондай - ақ газ - түтіннен қорғау қызметінің бекеті қарастырылған. Құтқарушылардың дене даярлығын сақтауға арналған «Batyr team» спорт залы, футбол алаңы және workout - аймақтың болуы – бұл нысанның ерекшелігін айқындайды. Айта кету керек, мұндай толыққанды ин-

ше жағдайға дер кезінде жетуге мүмкіндік береді.

- Аталған нысанның құрылысы бекітілген жобалау - сметалық құжаттамаға сәйкес жүргізілді. Жоба бойынша құрылыс мерзімі 6 ай болып белгіленген еді. Алайда жұмыстар көлемінің ауқымдылығы мен ұйымдастырушылық мәселелерге байланысты мердігер мекеме нысанды 9 ай ішінде аяқтап, пайдалануға тапсырды. Яғни, құрылыс 3 айға кешігіп аяқталды. Ғимараттың сметалық құжаттама-



фрақұрылым кей жағдайда қалалық өрт сөндіру бөлімдерінде де сирек кездеседі.

Салтанатты шара барысында жеке құрамға жаңа техника кілттері табысталды. Олардың қатарында жедел - құтқару көлігі мен аудан жағдайында жоғары өтімділігімен ерекшеленетін, мамандандырылған жүк - жол ауыстырушы көлігі бар. Бұл техникалар құтқару жұмыстарының тиімділігін арттырып, кез келген төтен-

сы Қазақстан Республикасында құрылыс сметалық құнын анықтау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттарға толық сәйкес әзірленді. Нысанның жалпы ауданы – 946,40 шаршы метр. Жобада барлық қажетті функционалдық бөлмелер мен қызметтік аймақтар қарастырылған. Құрылыс барысында бекітілген жобалау - сметалық құжаттамадан ешқандай ауытқуларға жол берілген жоқ. Құрылыс жұмыста-

ға қажетті құрал-жабдықтар, техника және материалдар жеткізіліп, жұмыс уақытында қажетті қорықтармен қамтамасыз етілген. Жобада барлық қажетті функционалдық бөлмелер мен қызметтік аймақтар қарастырылған. Құрылыс барысында бекітілген жобалау - сметалық құжаттамадан ешқандай ауытқуларға жол берілген жоқ. Құрылыс жұмыста-

ведомстволық медальдармен марапатталды.

Жаңа өрт сөндіру депосының ашылуы құтқарушылардың әрекет ету уақытын қысқартып, жұмыс тиімділігін арттыруға жол ашады. Ал Байғанин ауданы тұрғындары үшін бұл – төтенше жағдайларда жедел көмекке қол жеткізу мүмкіндігі мен қауіпсіздік деңгейінің айтарлықтай артқанын білдіреді.

«Жем – Сағыз» ақпарат.

Мұқағали МАҚАТАЕВ — 95 жыл

## МҰҚАҒАЛИША ҮН ҚАТСАМ...

ЖЫР КЕРУЕНІ УАҚЫТПЕН ЖАРЫСА АЛҒА ОЗҒАН САЙЫН МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ ПОЭЗИЯСЫ ЖАҢА ҚЫРЫНАН ЖАРҚЫРАП, ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫНА АЙНАЛА ТҮСУДЕ. Қ.МҰХАНБЕТҚАЛИ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП - ГИМНАЗИЯСЫНДА ӨТКЕН «МҰҚАҒАЛИША ҮН ҚАТСАМ» АТТЫ ПОЭТИКАЛЫҚ - МУЗЫКАЛЫҚ КЕШ – АҚЫННЫҢ 95 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН ЖҮРЕКЖАРДЫ ТАҒЗЫМНЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ БОЛДЫ. ХАНТӨІРІНІҢ МҰЗБАЛАҒЫНА АЙНАЛҒАН АҚЫНДЫ ҰЛЫҚТАҒАН БҰЛ КЕШ ӨЛЕНІ МЕН ӨНЕРДІҢ ШЫНАЙЫ ТОҒЫСЫНА АЙНАЛДЫ.

Кеш барысында ақынның тек отты жырлары оқылып қана қоймай, жүректі тербейтін әндері шырқалып, көрерменді ерекше әсерге бөледі.

Әдеби кешке арнайы шақырылған ақындар мен өнер иелері поэзия мен музыка тоғысқан тағылымды сәттердің шырайын көрсетті. Қазақ авторлар қоғамының мүшесі Айнабек Жеткірбаев, ұлағатты ұстаз - ақындар Ақторғын Алдабергенова, Әсия Ұлықпанова, Есімхан Жаманбай, өнерлі асаба Ер-



болат Шаңдин, өнер жана-шыры Қуаныш Меделбаев, жыршы - термеші Мерген Нұрмағанбетов, жас ақын Данияр Дәулеткерей сынды қалам иелері кештің мазмұнын аша түсті.

Ал екінші бөлімде Мұқағалидың бір күндік емес, уақытпен бірге жасайтын мәңгілік тұлға екені тағы бір мәрте дәлелденді. Жергілікті ақындар мен мектептің жас дарын-дары Мұқағали рухына арнаған өз туындыларын оқып, «ақын өлсе де, жыр-ы өлмейтінін» паш етті.

«Абай үндес Мұқағалидай перзенті бар халық — шы-



нымен де бақытты халық» деген түйінмен аяқталған кеш қатысушылардың есінде ұзақ сақталары анық. Поэзия кеші соңында мектеп

әкімшілігі келген қонақтарға ризашылығын білдіріп, ақын мұрасын насихаттау — ұрпақ парызы екенін атап өтті.

- Мұқағали поэзиясы – уақытпен өлшенбейтін құндылық. Оның әрбір өлеңі адам жанын тазартатын, ой мен сезімді тәрбиелейтін рухани мектеп десек, артық айтқандық емес. Ақын жыры арқылы біз туған жерге деген махаббатты, анаға деген құр-



ерекшелігі – поэзия мен әуеннің, өткен мен бүгіннің, аға буын мен жас ұрпақтың жарасымды үндестігі. Сахна төрінде ақын өлеңдері оқылып, сөзіне жазылған әндер шырқалып, жас ақындардың арнау жырлары көрерменге жол тартты. Бұл – Мұқағали рухының тірі, поэзиясының мәңгі екенін дәлелдейтін жарқын көрініс. Осындай рухани шаралардың өтуіне ұйытқы болып отырған Қ. Мұханбетқали атындағы мектеп - гимназиясының ұжымына,

қатысушы ақындар мен өнерпаздарға, ұйымдастырушыларға аудандық мәдениет үйі атынан шынайы алғысымды білдіремін.

Ұлы ақынның жыры жүрегімізге шуақ болып құйылып, рухымызды асқақтата берсін! - деген аудандық мәдениет үйінің басшысы Жадыра Ермекебаева Мұқағали оқылған, Мұқағали айтылған әрбір кеш – елдік пен руханияттың мерекесі екенін баса айтты.

Әйгерім КАРИМАН.





**Биыл қазақ музыка өнерінің көрнекті өкілі, сазгер, халық жүрегінен орын алған өлмес әндердің авторы Бәкір Тәжібаевтың туғанына 100 жыл толып отыр. Бұл мерейтой – бір ғана тұлғаның емес, тұтас бір дәуірдің, ұлттық өнердің тағылымды жолына тағзым ететін айтулы белес.**

**Қазақ ән өнерінің алтын қорынан ойып тұрып орын алған шығармалардың артында терең тағдыр, халыққа деген шексіз махаббат, өнерге адалдық жатады. Осындай асыл қасиеттерді бойына сіңіре білген тұлғалардың бірі – Бәкір Тәжібаев.**

Ол – XX ғасырдағы қазақ музыкасының дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған, ән арқылы ұлттың жан дүниесін, өмірге көзқарасын, сағынышын мен қуанышын жеткізе білген дара сазгер. Оның әндері қарапайымдылығымен, әуезділігімен және шынайы эмоциясымен ерекшеленеді. Әрбір туындысынан халықтық нақыш, ұлттық рух айқын сезіледі.

Бәкір Тәжібаевтың шығармашылық жолы – еңбек пен ізденіске толы өмірдің көрінісі. Ол өз заманының тыныс - тіршілігін, қарапайым халықтың болмысын ән тілімен сөйлетті. Сазгердің әндері кәсіби сахналарда ғана емес, ел ішінде, ауыл төрінде, отбасылық жиындарда, той - тоналақта орындалып, халықпен бірге жасады.

Өсіресе, оның туған жерге, елге деген сүйіспеншілікті арқау еткен әндері тыңдарман жүрегінен ерекше орын алды. Бұл шығармаларда тек әуен емес, тұтас бір дәуірдің үні, өткен күндердің ізі бар. Сондықтан да Бәкір Тәжібаев әндері уақыт өткен сайын құндылығын жоғалтпай, керісінше, жаңа буынның рухани азығына айналууда.

Сазгер шығармаларын кәсіби әншілермен қатар, жас өнерпаздардың да репертуарынан жиі кездестіреміз. Бұл – оның әндерінің өміршеңдігін, көркемдік қуатының мықтылығын көрсетеді. Бүгінде Бәкір Тәжібаевтың мұрасы музыка зерттеушілері мен өнертанушылар үшін де маңызды тақырыпқа айналып отыр.

Мерейтой аясында өңірлерде түрлі мәдени іс - шаралар, концерттер, еске алу кештері, шығармашылық кездесулер ұйымдастыру жоспарлануда. Бұл – ұрпақ пен ұрпақты жалғаған рухани сабақтастықтың айқын көрінісі. Өнер адамын ұлықтау – ұлттық мәдениетке көрсетілген құрмет.

Бәкір Тәжібаевтың ғұмыры мен шығармашылығы – жас сазгерлер мен өнер жолын таңдаған өрендерге өнеге. Ол өнерді атақ үшін емес, халық үшін жасаудың жарқын үлгісін көрсетті. Сондықтан да оның есімі қазақ музыкасының тарихында алтын әріппен жазылды.

Ғасыр өтсе де, сазгер қалдырған әуендер елмен бірге жа-



сай бермек. Өйткені шынайы өнер ғана уақыт сынынан сүрінбей өтеді.

#### ҒАСЫРДАН ҒАСЫРҒА ЖАЛҒАСҚАН ӘУЕН

Уақыт керуені жүйткіп өткенімен, соңында өшпес мұра қалдырған тұлғалардың есімі ел есінде мәңгі сақталады. Кейде бір ән бүкіл халықтың тағдырына айналады. Бәкір Тәжібаевтың шығармашылығы – бір төбе болса, оның адами болмысы мен азаматтық келбеті – бір төбе. Биыл 100 жылдығы аталып өткелі отырған Бәкір Тәжібаев кім еді? Үйде қандай әке, сахнада қандай тұлға болды? Оның әуендерінің артында қандай мұң мен қуаныш жатыр? Біз бүгін ақынның көзін көрген туған - туыстарымен және оның әндеріне жан бітірген өнерпаздармен сұхбаттасып, "Бәкір өлеміне" жетелей-

тін естеліктер тиегін ағытқан едік...



**Ақан ТӨЛЕУОВ, Б. Тәжібаевтың бауыры Мырзағали Төлеуовтің баласы:**

#### ТҮН ТЫНЫШТЫҒЫНДА ТУҒАН ТУЫНДЫЛАР

- Бәкір ағаның шығармашылық лабораториясы өзгеше еді. Ол шабытты күндіз емес, көбіне түн қойнауынан іздейтін. Сазгер үшін ең өнімді уақыт — кешкі сағат 22:00-ден бастап, таңғы 4–5-ке дейінгі аралық болатын. Үйінің асханасында, тыныштық орнаған шақта, ой мен әуен астасып, болашақ әндердің алғашқы нобайы дүниеге келетін. Домбыраның қоңыр үнімен көмкерілген сол түндерде туған шығармалар ертеңгі күннің рухани азығына айналатын. Әуені мен сөзі қатар өрілген бұл туындыларды Сапаргүл анамыз жазу машинкасына түсіріп, әрбір жолын ұқыппен қағазға бастатын. Осылайша отбасы шығармашылықтың бір бөлшегіне айналып, әндер бірлескен әебктің жемісі ретінде қалыптасатын.

Бәкір Тәжібаевтың өнері тек қала сахнасымен шектелмеді. Байғанин өңіріне іссапармен келген сәттерінде, өз үйінде таңға дейін домбырамен сүйемдеп, шағын шығармашылық кештер өткізетін. Бұл отырыстар нағыз тірі музыка мен жанды сезімге толы болатын.

Сазгер ауыл адамымен етене жақын еді. Жалшылармен, механизаторлармен жиі кездесіп, кең дала төсінде, өндіріс орнында жанды дауыста концерт қоятын. Ол үшін үлкен сахна мен қарапайым дала арасында айырмашылық жоқ - тұғын. Ең бастысы - тыңдаушының жүрегіне жету, елдің мұңын әнмен айту еді.

Осылайша, Бәкір шығармашылығы түн тыныштығынан басталып, халық ортасында өмір сүрді. Оның әндері өмірден, еңбек адамынан, туған жерден қуат алып, бүгінге дейін өз құндылығын жоғалтпай келеді.

Бәкір ағамның бойындағы өнердің бір ұшқыны маған да дарыса керек. Өйткені адамның жүрегіне жақын, жанын тербеткен әуен бір көрсен, бір естісең ұмытылмайды. Ол қанмен, тәрбиемен, көрген өнегемен бірге келеді екен. Бала кезімізде тәтеміздің домбыра ұстап, ән салған сәттерін көріп өскен біз үшін музыка өмірдің ажырамас

шан «аға» деп емес, «тәте» деп атайтынбыз. Ол кісінің болмысы да сол атауға сай - өте қарапайым, ақкөңіл, айналасын күлкіге бөлеп жүретін жайдары жан еді. Қай ортаға барса да, сөзінен жылылық, әзілінен өмірге деген махаббат сезіліп тұратын.

Тәтеміздің ауылға, Қарауылкелдіге келуі де өзіне ғана тән қарапайымдылықпен өтетін. Ол кісі көбіне алдын ала хабар бермей, пойызбен келіп, одан әрі орталыққа автобуспен өз бетімен жетіп алатын. Әкеміз: «Хабар бермедіңіз бе, күтіп алатын едік қой», - деп айтқанда, тәтеміз күлімсіреп: «Ой, өзім келем ғой, ауылды білем ғой», - деп

балалық қызығушылық қана емес, өнерге деген алғашқы іңкәрлік болса керек.

Осы бір қарапайым ауыл үйінде, түнгі әңгіме мен домбыраның үні арасында, магнитофон лентасына жазылған әндер - бүгінгі ұрпаққа жеткен рухани қазына. Бәкір Тәжібаевтың өнері үлкен сахнада ғана емес, осындай шағын бөлмелерде, ауылдың қара шаңырағында, елдің ортасында өмір сүрді.

Біз үшін ол - атақты сазгер ғана емес, ауылын сағынған, ағайынын қадірлеген, балалардың қасында күле жүріп ән айтқан «тәте» болып қала бермек.

#### Бәкір ТӘЖІБАЕВ — 100 жыл

ге деген шексіз құрметтің белгісі болатын.

Ағамның адамгершілік болмысы бір оқиғадан ерекше айқын көрінеді. Бір жолы Доңыз тауға іссапармен бара жатып, қыстың қақаған кезінде көліктері жолда бұзылып, жылқы ауылына соққан екен. Сол үйге кірсе, жылқышының әйелі толғатып, босанып жатыр екен. Үй месі сазгерді құрмет тұтып, дүниеге келген сәбиге ат қоюды өтінеді. Сонда ағам еш ойланбастан: «Бәкірғали болсын», - деп ат қойыпты. Бұл - жай ғана есім емес, жүректен шыққан бата, өмірге келген сәбиге берілген ақ тілек еді.

Осындай естеліктерді еске

# АҚТӨБЕНІҢ АҚ АЙДЫНЫ: Бәкір Тәжібаевтың 100 жылдық белесі



түсірген сайын, Бәкір Тәжібаевтың бейнесі көз алдыма келіп отыр.



**Елдос ҚОЖАБАЕВ, әнші, Қ. Мұханбетқалиұлы атындағы мектеп - гимназиясының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:**

#### «АҚБҰЛАҚ» – БАЛАЛЫҚ ШАҒЫМНЫҢ ҮНІ

- Бала күнімде алғаш «Ақбұлақты» айтып көргенімде, әннің мағынасын толық түсінбесем де, оның әуені бірден жүрегімді баурап алды. Сол кезде ерекше бір тазалық, сағыныш, мейрім сезілді. Әнді айтып тұрған сәтте өзімді туған ауылымның бұлағының қасында тұрғандай сездім. Сол бір балаң көңілмен шыққан «Ақбұлақ» әуені менің жүрегімде мәңгілікке сақталып қалды.

«Ақбұлақ» - менің балалық шағымның үні сияқты. Ол мені туған жеріммен, ауылдық табиғатымен, таза сезімдермен байланыстырады. Өмір жолында қайда жүрсем де, осы әнді естігенде немесе орындағанда, бала күнгі армандарым, ауылдың тыныш кештері, үлкендердің ақ батасы көз алдыма келеді. Ән әрдайым мені тамырлымды, шыққан тегімді ұмытпауға жетелейді, туған жерге деген сағынышымды оятады.

Уақыт өте келе бұл ән мен үшін мүлде басқа қырынан ашылды. Бұрын жай әуен ретінде айтсам, бүгінде әр сөзін, әр иірімін жүрегімнен сезініп орындаймын. Сондай - ақ, оның қандай кең диапозонды талап ететінін түсіндім. Өмірдің қуанышы мен қиындықтарын көрген сайын «Ақбұлақтың» философиялық тереңдігі, мән - мағынасы мен үшін жаңа қырынан ашыла бастады. Жылдар өткен сайын өнге деген ішкі сезімім де, жауапкершілігім де әлдеқайда тереңдей түсті.

Биылғы мерейтой - тек мен үшін емес, жерлестері үшін де, жалпы қазақ елі үшін де аса маңызды дата. Бәкір Тәжібаев - тек ән жазған сазгер ғана емес, халықтың жүрегінен орын алған рухани тұлға. Оның «Ақбұлақ» сияқты әндері ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып, қазақтың ән қазынасын байытып келеді. Біз үшін, жерлестері үшін бұл әндер - ұлттық мәдениетіміздің айнасы, рухани мұрамыздың алтын діңгегі.

Жерлесі ретінде мен оның мұрасын мақтан тұтамын. Келешек ұрпақ та бұл әндерді ұмытпай, қадірін түсініп өссе екен деймін. Бұл мерейтой - Бәкір Тәжібаевтың өнері мәңгі жасайтынының айғағы. «Ақбұлақ» сияқты туындылар арқылы ол әлі күнге дейін жүректерде өмір сүріп, ұрпаққа өнеге, рухани азық болып қалуда.

Бәкір ағамның өнері - тек әуен емес, сезім, ізгілік, ұлттық болмыс, бала кезімізден тағынсыз бұлақ сияқты таза әрі мәңгілік. Сол сезім менің әр орындауымда, әр тыңдаған сәтімде қайта тіріледі, жүрекке үңілтеді, туған жерге деген сағынышқа жетелейді.

**Әйгерім ЖАРТИНА.**

бір бөлшегіне айналды.

Бүгінде Алматы қаласында медицина саласында ұстаздық қызмет атқарып жүрсем де, өнерге деген сүйіспеншілік жүректен өшкен емес. Ақ халат пен аудитория, дәріс пен ғылым - менің кәсіби жолым болса, домбыра мен баян - жан дүниемнің тынысы іспетті. Кейде күнделікті жұмыстың қарбаласынан шаршағанда, қолыма домбыра алып, ішегін баяу шертеннің өзі жанға ерекше тыныштық сыйлайды. Ал баянның қоңыр үні көңілді бір сәтке балалық шаққа, ауылдағы түнгі ән мен әңгімеге жетелеп әкетеді.

Өнердің осылайша ұрпақтан - ұрпаққа жалғасуы - үлкен бақыт. Бұл - атадан қалған байлықтың ең асылы. Бәкір ағамның бойындағы қасиеттің маған да дарығанына шүкір деймін. Домбыраның бір үні, баянның бір әуені арқылы сол кісінің рухымен іштей сырласып отырғандай боламын.

Бұйырса, 1 - 2 ай көлемінде Бәкір әкеміздің өлеңдер жинағын шығарамыз деп жоспарлап отырмыз.



**Айгүл ТӨЛЕУОВА:**

#### БІЗ ҮШІН «ТӘТЕ» БОЛҒАН БӘКІР

- Біз Бәкір Тәжібаевты ешқа-



жауап қататын.

Ол кездері Қарауылкелдіге пойыз дәл түскі 12:00-де келетін. Тәтеміз келген күн - үйіміз үшін ерекше күн еді. Анамыз ас - суын әзірлеп, шайын беріп, түн демей, таң атқанша асықпай отырып, тәтеміздің әңгімесін тыңдайтынбыз. Ол кісі өлең айтып, естелігін бөлісіп, өткен күндерді жандандырып отыратын. Сол бір түндер біз үшін ұмытылмас рухани кештерге айналатын.

Таңғы сәске түсе, тәтеміз ерте тұрып, сол кездегі әкімдікке (ол уақытта секретарь деп аталатын) еш ескертпестен, жаяу тартып кететін. Бұл да оның даңққа емес, қарапайым тіршілікке жақын болғанын көрсетсе керек.

Тәтеміз келеді дегенде, үйде қызу дайындық басталатын. Мал сойылып, ағайын - туыс, көрші - қонақ түгел шақырылып, үйіміз бір сәт-гіліп, түн қалай өткенін ешкім аңғармай қалатын.

Есімде ерекше сақталған бір сәт бар. Әкеміз тәтеміздің әндерін бұрынғы магнитофонға жазып алатын. Ол кезде дөңгелек лентасы бар магнитофон қолданылатын. Жазу басталғанда бізге, балаларға, дыбыс шығармау қатаң ескертілетін. Бөлмеден шығырып, есікті жауып қоятын.

Бірақ менің қызығушылығым басым еді. Сол сәттерде әкемнің қасында отырып, микрофонды ұстап тұрғаным әлі күнге көз алдымда. Бұл -



**Лиза МЕДИЕВА, Б.Тәжібаевтың қарындасы Қибаттың келіні:**

#### ЕСТЕЛІКТЕН ӨШПЕГЕН ӘУЕН

- Ағам туралы естелік көп. Соның бірі - 1987 жылдың қысы. Ауылға келген сол бір сапар әлі күнге дейін көз алдымда. Шай құйып отырған сәтте айтқан әңгімелері, әр сөзіндегі жылылық, әр қимылындағы қарапайымдық ұмытылар емес.

Сол күні, өзімше ағамның жары Сапаргүл анамызды «өте әдемі екен» деп қалғаным бар. Сонда ағам әңгімені өзі сабақтап әкетіп еді. «Оның ұлты - татар. Он алты жасында ғашық болдым. Консерваторияда оқып жүрген кезімде, он сегізге толғанып күттік. Ақ Сапашыма "Әдемі - ау" әнін оның келбетіне қарап шығардым», - дегені әлі күнге дейін құлағымда жаңғырып тұрғандай. Демек, бұл - махаббаттан туған ән ғой.

Ағамның әр сөзінен өнеге есіп тұратын. Үйіне қонаққа барған сайын: «Иманды болындар, үлкенді сыйлаңдар, кішіге қамқор болыңдар», - деп отыратын. Бұл жай ғана ақыл емес, өзі өмір бойы ұстанған қағидасы еді. Сол сөздер бүгінде де санамда жаңғырып, жол көрсетіп тұрғандай.

Әнге шабыт ағамға бірде аяқ астынан, бірде тылсым тыныштықтан келетін. Кейде бір ұйықтап тұрып, домбырасын қолына алып, әнге салып кететін сәттері болатын. Ол үшін шабыт - жоспармен емес, жүрегімен келетін құбылыс еді.

Өмірінің соңғы жылдары денсаулығы сыр беріп, ауырыңқырап жүргенімен, шығармашылықтан қол үзген жоқ. Керісінше, пластинкаларын, дайын тұрған және әлі де жазылып жатқан қаншама әндерін айтып, болашаққа аманаттайтын. Сол асыл дүниелерін Қарауылкелдідегі мұзейге тапсырды. Бұл - туған жерге, ел-



Отбасылық - тұрмыстық қатынастар саласында аса ауыр қылмыстардың өсуі қоғамда алаңдаушылық туғызуда. Осыған байланысты әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, қоғамдағы құдалау (сталкинг) әрекеттерінің алдын алу мақсатында



«Сталкингті ТОҚТАТ!» атты ведомствоаралық дағдарысқа қарсы кездесу өтті. Жиында соңғы уақытта бөлең алған тұрмыстық зорлық - зомбылықтың статистикасы мен заңнамалық өзгерістер талқыланып, тұрғындарға қауіпсіздік шаралары түсіндірілді.

Жиынды ашқан аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық - демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасы Нұржан Адаев бұл мәселенің мемлекеттік деңгейдегі маңыздылығына тоқтал-

ды. Ал Байғанин ауданы ПБ бөлім бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Айбек Сағынғановтың келтірген мәліметтері көңілге қорқыныш ұялатты. Қараңыз, 2026 жылдың басынан бері елімізде әйелдерге қатысты 21 аса ауыр қылмыс жасалып, соның салдарынан 14 әйел қаза тапқан. Ал ауданда өткен жылы отбасылық жанжал бойынша 83 хабарлама тіркелген. Ал 2026 жылдың алғашқы айында 8 құқық бұзушылық анықталып, тиісті тұлғаларға қорғау нұсқамалары берілген.

- Отбасылық - тұрмыстық қатынастар саласындағы қылмыстардың өсуі қатты алаңдатады. Қаңтар айының өзінде 19 аса ауыр қылмыс тіркелді – бұл іс жүзінде күн сайын бір қайғылы оқиға орын алып жатыр деген сөз, — деді подполковник.

Кездесуде аудандық ПБ инспекторы, полиция лейтенанты Ақжан Құлжанова қазіргі қоғамда жиі кездесетін «сталкинг» терминіне де түсінік берді. Сталкинг – бұл адамның еркінен тыс оны аңду, хабарламалармен мазалау және психологиялық қы-



сым көрсету. Маңызды факт: Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 115-1-бабына сәйкес, сталкинг үшін 200 АЕК-ке дейін айыппұл, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар және 50 тәулікке дейін қамау жазасы қарастырылған.

Жиын барысында «Шаңырақ» отбасын қолдау орталығының директоры Балнұр Ермекбаева мен Жастар ресурстық орталығының басшысы Мейірболат Шаңдыбай зардап шеккендерге көрсетілетін психологиялық және әлеуметтік көмек тетік-

терін түсіндіріп өтті. Ардагерлер мен аналар ұйымының өкілдері де сөз алып, «тәрбие басы – тал бесіктен» екенін айтып, әйелге деген құрметті арттыру керектігін жеткізді.

Жиын соңында қатысушыларға арнайы жадынамалар таратылып, «жоқ» деген сөзді есту және құрметтеу – мәдениеттіліктің белгісі екені айтылды. Мамандар кез келген құдалау дерегі бойынша уақытылы 102 нөміріне хабарласуды тағы да еске салды.

Айта кететін жәйт, ақпан айының 9-ынан бастап нау-

ақпараттық - түсіндіру науқаны аясында бірқатар іс - шаралар өткізу жоспарлануда. Аталған іс - шараларға білім бөлімдері, ауылдық округ әкімдіктері, полиция бөлімі, колледждер, аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық - демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері, жастар ресурстық орталықтары, аудандық аурухана, аудандық кітапхана және ішкі саясат бөлімі атсалысатын болады.

«Жем – Сағыз» ақпарат.

ЖАНТАНУ

## КИБЕРБУЛИНГ – цифрлық дәуірдегі қауіпті құбылыс

Қазіргі уақытта интернет пен әлеуметтік желілер адамдардың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Ақпарат алмасу, білім алу, қарым - қатынас жасау бұрынғыдан әлдеқайда жеңілдеді. Алайда цифрлық кеңістіктің дамуы жаңа қауіптерді де қатар алып келді. Солардың бірі – кибербулинг. Бұл – интернет арқылы адамды қорлау, кемсіту, қорқыту немесе әдейі психологиялық қысым көрсету әрекеттері. Кибербулинг кез келген жастағы адамға әсер етуі мүмкін, бірақ ол әсіресе жасөспірімдер мен жастар арасында жиі кездеседі.

Кибербулинг түрлі формада көрініс табады. Әлеуметтік желілерде қорлайтын пікірлер жазу, жалған ақпарат тарату, жеке фотосуреттерді рұқсатсыз жариялау, қорқыту немесе мазақ ету – мұның барлығы цифрлық қысымның түрлері болып саналады. Онлайн кеңістіктің ерекшелігі – мұндай әрекеттердің көпшілік алдында жылдам таралуы. Сондықтан жәбірленуші өзін жалғыз сезініп, психологиялық тұрғыдан ауыр күйзеліске ұшырауы мүмкін.

Кибербулингтің салдары өте күрделі. Ол адамның өзіне деген сенімін төмендетіп, үрей мен күйзеліс туырады. Кейбір адамдар қоғамнан оқшауланып, оқу немесе жұмысқа деген қызығушылығын жоғалтады.

Әсіресе жасөспірімдер үшін мұндай қысымның әсері ұзақ уақыт сақталуы мүмкін. Сондықтан бұл мәселе тек жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның назарын талап етеді.

Кибербулингтің алдын алу үшін ербір азамат интернет мәдениетін сақтауы қажет. Онлайн қарым - қатынаста әдептілік таныту, жеке мәліметтерді қорғау, күмәнді аккаунттармен байланыс орнатпау – қауіпсіздіктің негізгі шарттары. Егер адам цифрлық қысымға тап болса, оны жасырып қалмай, ата - анасына, мұғалімге немесе тиісті мамандарға хабарлау маңызды. Қоғамда цифрлық қауіпсіздік туралы тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізілген жағдайда ғана бұл мәселенің алдын алуға болады.

Бүгінгі күні ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігі – уақыт талабы. Интернетті мәдениетті әрі жауапкершілікпен пайдалану әр адамның міндеті. Кибербулингке қарсы тұру – өзара құрмет пен адамгершілік қағидаларын сақтау арқылы жүзеге асады. Қауіпсіз цифрлық орта қалыптастыру – болашақ ұрпақтың амандығы мен қоғамның тұрақты дамуының маңызды кепілі.

Байғанин аудандық ішкі саясат бөлімі.

## «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ»

Жалпы еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, әлеуметтік тұрақтылығы мен интеллектуалды даму мәселесі мемлекеттік тіліміздің ұлттық дәрежесімен тікелей байланысты. Тіл – еліміздің мәдениетін қалыптастырып, оның тарихын, тұрмысы мен әдеп – ғұрпын және салт – дәстүрлерін терең танытуға мүмкіндік береді. Сондықтан да мемлекеттік тілді білу – қажеттілік екенін насихаттаудың маңызы зор. Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның ажырағысыз бөлгісі. Халық арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесі маңызды болғандықтан, еліміз дамып, мемлекетіміз өркендесін десек, әуелі ұлтты ұйымдастырудың құралы болып отырған қазақ тілінің мәртебесін көтеруде белсенділік танытуымыз керек.

Ұлтына, дініне қарамастан барлық қазақстандық мемлекеттік тілдің қызмет тілі екенін түсініп, аса үлкен жауапкершілікпен қарағандары дұрыс. Қазіргі таңда барлық мемлекеттік қызметтерде бұл мәселе қолға алынып, жүзеге асырылып жатыр. Мемлекеттік тіліміздің дамуы, өркендеуі тек сот саласына ғана емес барлық салаларды қамтыған кезде нәтиже беретіні анық. Егер еліміздің ербір азаматы осы жауапкершілікті сезініп мемлекеттік тілді жақсы меңгеріп оны құрметтесе бұл өзекті мәселенің оң шешімі табылатыны анық.

Қазақстан біртұтас мемлекет. Мемлекеттік органдарда іс-қағаздар, жалпы құжат айналымы мемлекеттік тілде жүргізілгені жөн. Заң қағидасына сүйеніп мемлекеттік органдар мен мекемелерден, басқа ұйымдар мен кәсіпорындардан талап арыздарды сотқа мемлекеттік тілде тапсыру туралы мәселе тұр.

Қазақстан Республикасының сот жүйесінде мемлекеттік тілді дамыту, оның қолданылу аясын кеңейту мақсатында мемлекеттік органдармен жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп, сотқа жолданатын істерді мүмкіндігінше мемлекеттік тілде жолдауды, істерді жолдау барысында құжаттарды сауатты және толық толтыру және тиянақты ұсыну керек екендігі жөнінде үнемі түсіндірілуде.

У. А. АЙТЖАНОВА,  
Байғанин аудандық сотының төрағасы.

## ӨСУ, СЕНІМ, МАҚСАТ: аналар таңдаған жол

Қазіргі таңда психологиялық көмектің дәстүрлі кеңес беруден бөлек, ойын арқылы сананы трансформациялау әдісі танымал болып келеді.

Қоғамдағы аналардың психологиялық саулығын нығайту, ішкі сенімін арттыру және жеке дамуына серпін беру мақсатында Жастар ресурстық орталығында жас аналарға арналған «Өсу. Сенім. Мақсат» атты психологиялық - трансформациялық ойын ұйымдастырылды. Іс - шараны педагог - психолог, игропрактик Ақбота Құлмырзаева жүргізді.



Бүгінгі қоғамда ананың рөлі тек бала тәрбиесімен шектелмей, оның рухани, психологиялық жағдайы, отбасындағы ахуалға тікелей әсер ететіні жиі айтылып жүр. Осы орайда өткен іс - шараның басты мақсаты – жас аналардың ішкі күйзелістерін жеңуге көмектесу, өз - өзіне деген сенімін арттыру, өмірлік мақсаттарын айқындауға бағыт беру. Ойын форматында өткен тренинг қатысушыларға еркін ой бөлісіп, өзін жаңа қырынан тануға мүмкіндік берді.

Психологиялық ойын барысында аналар өз эмоцияларын танып, қорқыныштары мен сенімсіздіктерін анықтап, оларды жеңудің жолдарын тәжірибе арқылы сезінді. Транс-

формациялық әдіс аналардың ішкі ресурсын ашып, өмірге деген көзқарасын жаңартуға ықпал етті.

Іс - шараны жүргізген педагог - психолог, игропрактик Ақбота Нұрбекқызының айтуынша, мұндай форматтағы кездесулер аналар үшін аса маңызды.

- Жас аналар көбіне өз қажеттіліктерін кейінге ысырып, ішкі күйзелісін сыртқа шығара алмай жатады. Бұл ішкі шаршауға әкелуі мүмкін. «Өсу. Сенім. Мақсат» ойыны арқылы олар өз - өзін тыңдауды, ішкі даусын естуді үйренеді. Бұл – ананың ғана емес, тұтас отбасының эмоционалдық саулығын жасалған қадам. Біздің бүгінгі трансформациялық ойынымыздың басты идея

сы – ананың ішкі әлеміндегі «менім» ояту. Егер ана бақытты әрі өзіне сенімді болса, бала да сау, бақытты ортада өседі. «Өсу. Сенім. Мақсат» – бұл жай ғана сөздер емес, бұл әр әйел затының өмірлік ұстанымы болуы тиіс. Бұл – таза психология. Карта салу, бал ашу емес. Сана мен саусақтың бір тіл-

холог.

Қатысушылар үшін орын саны шектеулі болған психологиялық - трансформациялық ойынға келген аналар шара соңында алған әсерлерімен бөлісіп, мұндай кездесулердің жиі ұйымдастырылғанын қалайтындарын жеткізді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, алдағы



де сөйлеуі, яғни үйлесімі. Миымыз «сигнал» береді, саусақ орындайды. Демек біздің ішкі әлеміміз саусағымыздың ұшында. Сіздің саусағыңыз таңдаған карта – жаныңыздың қалауы, - дейді пси-

уақытта да жас аналарға арналған психологиялық қолдау шаралары жалғасын табады. Өйткені саналы, сенімді ана – қоғамның берік тірегі.

Әйгерім  
ЖАРТИНА.





Италияның Милан және Кортина-д'Ампеццо қалаларында XXV қысқы Олимпиа ойындарының шымылдығы түрілді. Әлемнің 93 елінен келген 3 500-ге жуық спортшы 17 күн бойы «жылдам, биік, күшті және бірге» қағидасымен бақ сынайды. Биылғы Олимпиада тек спорттық дода ғана емес, Италияның тарихы мен заманауи сәнін ұштастырған нағыз мәдени мерекеге айналуда.

ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ  
МИЛАН МЕН  
КОРТИНА-Д'АМПЕЦЦО  
КУРОРТЫНДА ӨТУДЕ

Бұл жолғы доданың басты ерекшелігі – Олимпиада тарихында алғаш рет екі қаланың бірдей ресми қожайын мәртебесін иеленуі. Мұз үстіндегі жарыстар, оның ішінде хоккей, мәнерлеп сырғанау, шорт - трек сән мен дизайн астанасы Миланда өтсе, қар үстіндегі бөсекелер Альпі тауының маржаны санала-

# МИЛАН МЕН КОРТИНА – 2026: Альпі бөктеріндегі ақ Олимпиада алауы

тын Кортина-д'Ампеццо курортында ұйымдастырылуда. Ашылу салтанаты аты аңызға айналған «Сан - Сиро» стадионында өтіп, оған әлемдік жұлдыздар Андреа Бочелли мен Мэрайя Кэри қатысып, кештің сәнін кіргізді. Ал жабылу салтанаты Веронадағы ежелгі Рим дәуірінен қалған амфитеатрда өтеді деп жоспарланған. Милан – Кортина Олимпиадасының басты ерекшелігі – бұрыннан бар спорт нысандарын кеңінен қолдану. Ұйымдас тирушылар жаңа ғимараттар салудан гөрі, қолданыстағы арена-лар мен кешендерді жаңғыртуға басымдық беріп отыр. Бұл шешім экологияға түсетін салмақты азайтып, Олимпиададан кейін де инфрақұрылымның халық игілігіне қызмет етуіне мүмкіндік береді. Ойындар аясында көлік қатынасы жақсартылып, теміржол және жол желілері жаңартылады. Сонымен қатар, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, қалдықтарды азайту, көмірқышқыл газының шығарылуын шектеу секілді экологиялық талаптар қатаң сақталмақ.

ЕЛ НАМЫСЫН  
36 СПОРТШЫ ҚОРҒАЙДЫ

Биылғы Олимпиадада Қазақстан намысын 18 ер адам

мен 18 әйел адамнан құралған 36 спортшы қорғайды. Айта кетерлігі, бұл – еліміздің Олимпиада тарихындағы ең жас құрама-сы, яғни орташа жас – 25 жас. Атап айтсақ, ең жас спортшы - 16 жасар фристайл ақрабатшы Асан Асылхан болса, ең тәжірибелі, жасы үлкен спортшы – 33 жастағы шорт - трекші Абзал Ажығалиев. Ашылу салтанатында көк байрағымызды шорт - трек шебері Денис Никиша мен фрис тайлшы Аяулым Әмренова нық сеніммен ұстап шықты.

**ҚАЗАҚСТАН ЕНШІСІНДЕ  
9 СПОРТ ТҮРІНЕН  
ЛИЦЕНЗИЯ БАР**

Фристайл - могул - Павел Колмаков, Юлия Галышева, Аяул-ым Әмренова, Анас Ұлтасия Городко.  
Фристайл - акробатика - Дін-мұхаммед Райымқұл, Шерзод Хаширбаев, Роман Иванов, Асан Асылхан, Аяна Жолдас.  
Биатлон - жаттықтырушылар кеңесінің шешімімен Владислав Киреев, Өсет Дүйсенов, Милана Генева, Айша Ракишева қысқы Олимпиадада сайысады.  
Тау шаңғысы спорты - Ростислав Хохлов, Александра Скороходова.  
Шаңғы қосайысы - Шыңғыс Рақпаров.



Шаңғы жарысы - Әмірғали Мұратбеков, Наиль Башмаков, Виталий Пухало, Анна Мельник, Дарья Ряжко, Ксения Шалыгина, Надежда Степашкина.  
Шаңғымен тұғырдан секіру - Данил Васильев, Илья Мизерных.  
Конькимен жүгіру спорты - Евгений Кошкин, Кристина Силаева, Елизавета Голубева, На-дежда Морозова, Арина Иль-яценко.  
Шорт - трек - Абзал Әжғалиев, Денис Никиша, Ольга Тихонова, Яна Хан.  
Мәнерлеп сырғанау - Михаил Шайдоров, Софья Самоделкина.

**ЖАҢА СПОРТ ТҮРІ ЖӘНЕ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

Милан Олимпиадасында алғаш рет ски - альпинизм, яғни

**СПОРТ**

тауға шаңғымен өрмелеу және түсу ресми бағдарламаға енді. Бұл – тау спортына құмар қауым үшін үлкен жаңалық. Сонымен қатар, 12 жылдық үзілістен кейін NHL Ұлттық хоккей лигасы жұл-дыздарының Олимпиадаға ора-луы шайбалы хоккейдің деңгейін бұрын - соңды болмаған биіктік-ке көтерді.

**АЛҒАШҚЫ НӘТИЖЕЛЕР**

Олимпиаданың алғашқы күндерінде - ақ конькимен жү-гірушілеріміз жоғары деңгей көр-сетті.

XXV қысқы Олимпиа ойын-дарында алғашқы нәтижеде жоқ емес. олар, 3000 метрге жүгіру-де 5-орын иеленген - Надежда Морозова. Бұл – өте жоғары көр-сеткіш, өйткені ол әлемнің ең үздік ондығына кіріп, жұлдеге бір табан жақын қалды. Ал, Елиза-вета Голубева осы қашықтықта 10-орынға табан тіреді.

**ЖҮЛДЕГЕРЛЕРГЕ  
СЫЯҚЫ БЕРІЛЕДІ**

Қазақстан олимпиада ой-ындарында алтын алған спорт-шыға 150 мың доллар, күміс жұлдеге 150 мың доллар, қола медальға 75 мың доллар сый-ақы тағайындаған. 4 - 5 - 6 орын алғандарға, тиісінше, 30 мың, 10 мың, 5 мың доллар береді. Қа-зақстаннан 2014 жылы Денис Тен (мәнерлеп сырғанау), 2018 жылы Юлия Галышева (фрис-тайл могул) қола медаль иеленген. Қазақстан 2022 жылғы олимпиа-дада жұлдесіз қалды.

**Өйгерім ӘНУАРБЕК.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«IC Petroleum» ЖШС "Қаратөбе кен орнында қаттық қысым-ды ұстап тұру жүйесі" жұмыс жобасына ҚОҚ бөлімі тақырыбын-да ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Г-17 (47°55' 44.09'', 56°33', 59.52); Г-22 (47°55' 27.56'', 56°33', 44.29)  
Г-31 (47°55' 02.41'', 56°33', 17.10); 358 (47°55' 58.79'', 56°32', 06.01).

Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 19 наурызда сағат 14:00-де Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс а. о., Жарқамыс а., Орталық көшесі 114А, Мәдениет үйі.

Онлайн қатысу үшін сілтеме бойынша өту керек:  
https://us05web.zoom.us/j/9394700673?pwd=zhvE1ZlmbbQAh4DtZrLobQyrb1g1zO.1&omn=82387083737

Конференция идентификаторы: 939 470 0673; кіру коды: 7rDKhM.

Бастамашысы: "IC Petroleum" ЖШС (БИН: 201040025752), +7(705)-604-60-07, urynbasarov.gasir@icpetroleum.kz

Жобалық құжаттаманы әзірлеушінің деректемелері: "Запад-ныйПроект" ЖШС, БСН 250440010725, РК, Ақтөбе қ., 11 ш / а 13/45, тел.: 8771-1842460, e-mail: aeg-87@bk.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта танысуға бо-лады https://ndbecology.gov.kz/ . жергілікті атқарушы орган-ның сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru

Жоба бойынша қосымша ақпаратты мына телефондар бой-ынша сұратуға болады: +7771 184 24 60, aeg-87@bk.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ қабылдайды, expert\_oos@mail.ru, Мекен-жайы: Қазақстан Рес публикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Өбілқайыр хан даңғылы, 40.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «IC Petroleum» объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний на тему: Раздел ООС к рабочего проекту «Система поддержания пластового давления на месторождении Каратюбе»

Территория воздействия: Г-17 (47°55' 44.09'', 56°33', 59.52); Г-22 (47°55' 27.56'', 56°33', 44.29)  
Г-31 (47°55' 02.41'', 56°33', 17.10); 358 (47°55' 58.79'', 56°32', 06.01).

Общественные слушания состоятся 19 марта 2026 года в 14:00 по адресу: Актюбинская область, Байганинский район, Жаркамысский с.о., с.Жаркамыс улица Орталык 114А, дом куль-туры.

Для участия онлайн необходимо пройти по ссылке:  
https://us05web.zoom.us/j/9394700673?pwd=zhvE1ZlmbbQAh4DtZrLobQyrb1g1zO.1&omn=82387083737

Идентификатор конференци: 939 470 0673; Код доступа: 7rDKhM.

Инициатор: ТОО "IC Petroleum" (БИН: 201040025752), +7(705)-604-60-07, urynbasarov.gasir@icpetroleum.kz.

Реквизиты разработчика проектных документов ТОО «За-падный Проект», БИН 250440010725, РК, г. Актобе, 11 мкр 13/45, тел.: 8771-1842460, e-mail: aeg-87@bk.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомить-ся на сайте https://ndbecology.gov.kz/ ., на сайте местного испол-нительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел: +7771 184 24 60, aeg-87@bk.ru.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природ-ных ресурсов и регулирования природопользования Актюбинской области, expert\_oos@mail.ru, по адресу: Республика Казахстан, Актюбинская область, г. Актобе, пр. Абилкайыр хана, 40

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӘДЕБІ

Мемлекеттік қызмет – қоғам мен мемлекет ара-сындағы сенімге негіздел-ген ерекше қызмет түрі. Осы сенімді нығайтуда мемлекеттік қызметшінің әдебі маңызды рөл атқа-рады. Мемлекеттік қыз-метшінің мінез - құлқы, кәсіби және адамгершілік ұстанымдары мемлекет-тік басқарудың тиімділі-гі мен мемлекеттік ор-ганның беделіне тікелей әсер етеді.

Мемлекеттік қызмет-шінің әдебі – бұл мемле-кеттік қызметшінің қызмет-тік міндеттерін атқару ба-рысында және қызметтен тыс уақытта ұстануға тиіс мінез - құлқы нормалары мен моральдық қағидатта-рының жиынтығы. Ол Қа-зақстан Республикасының заңнамасына, мемлекет-тік қызметтің қағидаттары-на және жалпы адамзат-тық құндылықтарға негіз-деледі.

Мемлекеттік қызмет-шінің әдебі келесі негізгі қағидаттарға сүйенеді:

Адалдық пен әділдік – қызметтік міндеттерді же-ке мүддеден жоғары қою;

Заңдылық – Қазақстан Республикасының Кон-ституциясы мен заңдарын сақтау;

Бейтараптық – саяси, діни және өзге де көзқа-растарға қарамастан тең қарым - қатынас жасау;

Ашықтық пен жауап-кершілік – қабылданған шешімдер үшін жауап бер-у;

Құрмет пен сыпайылық – азаматтармен және әріптестермен қарым - қатынаста әдеп сақтау; Сы-байлас жемқорлыққа төз-беушілік.

Мемлекеттік қызмет-ші азаматтардың құқықта-ры мен бостандықтарын құрметтеуге, қызмет ба-бын жеке мақсатта пай-даланбауға, мүдделер қақтығысына жол берме-уге, қызметтік ақпараттың құпиялылығын сақтауға, қоғамда және әлеумет-тік желілерде мемлекет-тік қызмет беделіне нұқ-сан келтіретін әрекеттер-ден аулақ болуға міндетті. Мемлекеттік қызметшінің әдеп нормаларын сақтауы халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін

арттырады, мемлекеттік қызметтің оң имиджін қа-лыптастырады, қызмет-тік тәртіп пен ұйымшыл-дықты күшейтеді, сыбай-лас жемқорлық тәуекел-дерін азайтады.

Мемлекеттік қызмет-шінің әдеп нормаларын бұзуы тәртіптік жауап-кершілікке, қызметтік бе-делдің төмендеуіне және заңнамаға сәйкес өз-ге де жауапкершілік түр-леріне әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан әрбір мемле-кеттік қызметші өз әре-кетінің салдарын толық түсініп, кәсіби әдепті қа-таң сақтауы тиіс.

Әдепті сақтау – бұл тек міндет қана емес, со-нымен қатар қоғамға адал қызмет етудің көрсеткіші. Әдепті, жауапты және адал мемлекеттік қызмет-ші – тиімді мемлекеттік басқарудың негізі.

**С. Т. ӘМИДАН,  
Байғанин ауданы  
әкімі аппаратының Пер-соналды басқарудың  
бірыңғай қызметі (кадр  
қызметі) басшысы, Әдеп  
жөніндегі уәкіл.**

**«Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл»**

Қазақтың ұлы ақыны, жырау, жыршысы Жамбыл Жабаевтың туғанына биыл 180 жыл. Суырыпсалма ақындық дәстүрдің көрнекті өкілі Жамбыл Жабаев терең ойлы шығармаларымен елді сусындатқан ұлы тұлға. Ол өзінің табиғи талантымен кез - келген ортада өлең шығарып, суырыпсалма жыр айта берген. Ол тек бір дәуірдің емес, біре-неше тарихи кезеңнің куәсі болған және сол заманның үшін шығар-малары арқылы жеткізген.

Ұлы тұлға Жамбыл Жабаев Жамбыл облысының Жамбыл тауының етегінде дүниеге кел-ген. Өзінің туған жерін мақтан тұтып, үнемі өз өлең жырларында жырлаған. Жамбыл атамыз-дың шығармашылығы тек қазақ тілінде емес, біре-неше тілге ауда-рылып кең тараған.

Ақын өзінің өлеңдерінде адамгершілік, еңбекқорлық және патриотизм тақырыптарын жиі көтерген. Ол ешқашан шығар-маларын өзі жазбаған, жырла-рын тек ауызша айтқан. Оның барлық өлең, шығармаларын арнайы қағазға түсіріп отыра-тын адамдар болған. Оның бар-лық өлең, жырлары бүгінде қа-зақ халқының қазынасы, рухани әлемнің ажырамас бөлігі.

**Ж. С. АБУБАКИРОВА,  
Байғанин аудандық  
сотының бас маманы.**

## ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Тұрғын үйлердің өрт-ке қарсы жағдайын тап-дау олардың қауіпсіз қол-данылуы негізінен электр жабдықтары, электр қон-дырғыларымен құралда-рының техникалық жағдай-ына байланысты екендігін көрсетеді. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірыңғай жалпы әдісі, сонымен қат-тар электр жабдықтарының өрт қауіпсіздігін жеке әдісі жану көзінің пайда болу қау пін, тез жаңғыш ортаның, өрттің таралу жолдарының пайда болуын жоюды не-месе шектеуді көздейді. Өрт қауіпсіздігі талаптарымен электротехникалық және жылыту қондырғыларын құру мен пайдалану кезін-де орындалатын ережелер белгіленген, оларды орын-

дау өзінді өрттің пайда болу қауіпінен барынша қауіпсіз-дендіру мүмкіндігін береді.

Электр құралдарын пай-даланған кезде:

- электр қуатын қабыл-дағыштарды (электр құралда-рын) оларды дайындаушы ме-кемелердің нұсқаулықтары та-лаптарына сәйкес келмейтін немесе ақаулығы бар болған жағдайларда қолдануға, со-нымен қатар зақымданған немесе қорғағыш белгілерін жоғалтқан оқшаулаулары бар электр сымдары мен кабель-дерін пайдалануға;
- тежегіштердің балқығыш ендірмелері жанып кеткен жағдайда қолдан жасалған ен-дірмелерді қоюға болмайды, бұл барлық электр сымдары-ның қызып кетуіне, олардың қысқа тұйықталуына және өрт-

тің пайда болуына әкеліп соға-ды;

- ашық электр сымдарын бояуға немесе үстінен түс қағаз жапсыруға;
- ақаулы ажыратқыштар-ды, розеткалар мен патрон-дарды қолдануға;
- электр шамдарын жанғыш материалдармен жа-буға;
- жылу реттегіші жоқ неме-се ақаулы электр жылытқыш құралдарын пайдалануға тый-ым салынады.

Электр сымдарына мөл-шерден тыс салмақтың түсуін, олардың қатты қызып кетуі мен өтпелі қарсылығын бол-дырмау үшін жоғары қуатты біре-неше электр құралдарын бір розеткаға қосуға болмай-ды. Жиі түрде өрттің себептері - қосылып, қараусыз қалған

электр жылытқыш құралда-рының (электр плиталары, су қайнатқыштар, каминдер, үтік-тер, грелкалар) жанында ор-наласқан жанғыш заттардың тұтануы болып табылады. Қосылған электр жылытқыш құралдары жылуды сақтайтын жанбайтын қойғыштарға орна-тылуы қажет. Сымдардың оқ-шауларының кеуіп кетуі мен зақымдалуының алдын алу үшін оларды жылыттын жер-лердің (пештер, түтіндіктер, жылыту батареялары, т. б.) бетімен жүргізуге болмайды.

**ЕСКЕРТУ:**

Үйден ұзақ уақытқа кеткен кезде электр жылытқыш же-не жарық бергіш құралдардың өшірілгендігін тексеріп, көз жеткізген жөн.

**Байғанин ауданының  
Төтенше жағдайлар бөлімі.**

**Меншік иесі:**  
**«Қадір Ұлықпан Қаратайұлы» ЖК**

**Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму Министрлігі  
Байланыс ақпараттандыру және  
ақпарат комитетінде**  
**2015 жылғы 8 сәуірде тіркеліп,  
№15190-Г куәлігі берілген.**

**ЖЕМ - САҒЫЗ**

**Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР**

**Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды.  
Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді.  
Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды.  
Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мазіріне жарнама беруші жауапты.  
\* Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.**

**«Жем - Сағыз» газеті редакциясының  
мекенжайы:**  
**030300, Байғанин ауданы  
Қарауылкелді селосы,  
Д. Қонаев көшесі, №35**

**Газет аптасына бір рет шығады  
Индексі: 65512  
Таралымы 1394  
Тапсырыс №163  
Көлемі 1 баспа табақ.**